

## "Астана" шағынауданындағы жаңа көшеге атау тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-7 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 22 маусымдағы N 1286 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 маусымда N 7-1-94 тіркелді

Батыс Қазақстан әділет Департаментінің 2008 жылғы 6 наурыздағы N 4-1323 Заңды бұзушылықты жою туралы ұсынысын қарап және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7, 31 баптарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38 бабын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. "Астана" шағынауданындағы жаңа көшеге атау қосымшаға сәйкес тағайындалсын.

2. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 13 маусымдағы N 46-20 және Орал қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 858 бірлескен шешімі мен қаулысы жойылсын.

3. Осы шешім мен қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 13 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

<i>Орал қалалық мәслихатының</i>	<i>Орал қаласының әкімі</i>
<i>кезектен</i>	<i>тыс</i>
<i>8-ші</i>	<i>сессиясының</i>
<i>төрайымы</i>	
<i>Орал қалалық мәслихаты</i>	
<i>хатшысының міндетін атқарушы</i>	
Орал қалалық мәслихатының	
2008 жылғы 27 мамырдағы	N 8-7
және Орал қалалық әкімдігінің	
2008 жылғы 12 мамырдағы	N 1286
"Астана" шағынауданындағы жаңа	
көшеге атау тағайындау туралы"	
бірлескен шешімі мен қаулысына	
қосымша	

Жаңа көше (қоса берілген сұлбаға сәйкес):

1) Хамит Маданов атындағы көше.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК